

# Негізгі құралдар

ЭФ-17-7К1

## Дәріс 19

- 1.Негізгі құралдарды жіктеу мен бағалау
- 2.Негізгі құралдарды жіктеу мен амортизациясын есептеу және құжаттық рәсімдеу
- **Дәріс 20**
- 1.Жалға берілген және жалға алынған негізгі құралдарды құжаттық рәсімдеу
- 2.Негізгі құралдарды түгендеу

Негізгі құралдар материалдық өндіріс саласында да, өндірістік емес (әлеуметтік) салада да ұзақ уақыт бойы (бір жылдан астам) қызмет етеді. Өндіріс процесіне қатысу сипатына байланысты негізгі құралдар өндірістік және өндірістік емес болып екіге бөлінеді.

*Өндірістік негізгі құралдарына* өндіріс процесіне тікелей қатысатын объектілер жатады, олардың көмегімен өнімді әзірлеген кезде еңбек құралдарына (машина, құрал-жабдық, құрал-саймандар т.б.) әсер ету жүзеге асады немесе өндірісті жүргізу үшін қажет материалдық жағдайын жасайды (ғимараттар, құрал-жабдықтар, өткізгіш қондырғылар).

*Өндірістік емес негізгі құрал-жабдықтар* – тұтынуға арналған құрал-жабдықтар. Олар ұжымның мәдени-тұрмыстық (ғимараттар, тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, денсаулық сақтау мүлкі, т.б.) қажеттіліктерін ұзақ мерзім бойы өтеуге арналған.

## Негізгі құралдар

Шоттар жоспарынды 2400 бөлімінде қарастырылады.

2411-Жер

2412-Ғимарат пен үйлер

2413-машиналар мен жабдықтар

2414-көлік құралдары




2415-компьютерлер

2416-Кеңсе жиһаздары

2417-өндірістік мүлік және керек жарақтар

2420-негізгі құралдардың амортизациясы

# Негізгі құралдардың жіктелуі



**Иелігіне қарай негізгі құралдар:** меншікті және жалға алынған болып бөлінеді. ***Меншікті дегеніміз*** – субъектіге тиесілі және оның балансында көрініс табатын негізгі құралдар.

***Жалға алынған*** – белгілі бір уақыт аралығына дейін келісімшарт арқылы алыныатын негізгі құралдар.

**Пайдалану сипатына қарай негізгі құралдар** жұмыс істеп тұрған, істемей тұрған (тоқтатылып қойған) және қор ретінде тұрған болып бөлінеді. ***Қолданыстағы жұмыс істеп тұрған негізгі құралдар***, әрекет етіп тұрғандар болып саналады.

***Жұмыс істемей тұрғандар*** – бұл жұмысы тоқтатылған немесе басқа жағдайларға байланысты уақытша пайдаланбайтын негізгі құрал-жабдықтар.

***Қорда тұрғандар*** болып жұмыс істеп тұрған құрал-жабдықтарды жоспарлы түрде олардың запас бөлшектерін ауыстыру үшін тоқтатылған объектілер есептеледі.

**Заттың құрамына қарай** негізгі құралдар мүліктік және мүліктік емес болып бөлінеді. ***Мүліктікке*** көрінісі бар, яғни санауға және өлшеуге болатындар (үйлер, ғимараттар) жатады.

***Мүліктік еместерге*** пайдаланылатын жер, орман алқабы, су ресурстары (ғимараттардан басқа күрделі қаржы салымы, яғни заттық нысаны жоқ шығындар жатады.

# Негізгі құралдарды есептеу және бағалау әдістері

**Натуралдық бағалау**  
кезінде машиналар саны, олардың өнімділігі, қуаттылығы, өндірістік алаңдар көлемі және тағы басқа сандық көрсеткіштер есептеледі

**Ақшалай есебі** кезінде негізгі қорлардың бағасы өндіріс көлемін арттыруын жобалау, тозу деңгейін және амортизация аударымдарын, жекешелендіру көлемін есептеу үшін қолданылады.

- бастапқы құны бойынша бағалау;
- қалпына келтіру құны бойынша бағалау;
- қалдық құны бойынша бағалау болып бөлінеді

# Негізгі құралдар бойынша шоттар корреспонденциялары.

№	Шаруашылық операциялар мазмұны	Дебет	Кредит	Сомасы, теңге
1	Негізгі құралдардың объектісі есебінен шығарылған шоттар бойынша төлем жүргізілді.	3310	1010, 1030	1000000
2	ҚҚС-сыз негізгі құралдар кірістелді	2410	3310	892838
3	ҚҚС сомасында проводка жасалуда.	1420	3310	107142
4	ҚҚС бойынша сома.	3130	1420	107142



Негізгі құралдардың тозуын есептеу негізгі құрал өндіріс процесіне қатысумен, жылдар мерзімінің әсерімен, табиғат күшінің әсер етуімен пайдалану процесінде біртіндеп тозады. **Тозудың екі түрі болады**: табиғи (моральдық) және сапалық (заман талабына сай келмеуі).

**Амортизация** (латынның «өтеу» деген сөзінен) – тозудың құндық көрінісін білдіреді.

Негізгі құралдардың амортизациясын есептеудің әртүрлі әдістері бар:

**құнын бірқалыпты (түзу сызықты) жолмен есептен шығару;**

**құнын орындалған жұмыстың көлеміне пропорционалды (немесе пара-пар) етіп есептен шығару (өндірістік әдіс);**

**жеделдетіп есептен шығару;**

**қалдығын азайту жолымен есептен шығару;**

**құнын сандардың жиынтығы бойынша (кумулятивтік әдіс) есептен шығару.**

# Амортизацияны есептеу әдістері

- Амортизацияны есептеу кезінде ұйым төмендегі әдістерді қолдана алады:
- а) бірқалыпты (түзу сызықты) есептеу әдісі;
- б) құнды орындалған жұмыстардың көлеміне пропорционалды шығару әдісі
- (өндірістік әдіс);
- в) жеделдетілген әдіс:
  - - азайып отыратын қалдық әдісі;
  - - кумулятивтік әдіс.
- Негізгі құралдардың әрбір түріне әртүрлі әдістерді қолдануға болады.
- Ұйымның таңдап алған амортизацияны есептеу әдісі есеп саясатымен анықталып, бір есепті мерзімнен екінші есепті мерзімге дейін қолданылуы
- тиіс.

# Тікелей сызықты есептеу әдісі.

Тікелей сызықты есептеу әдісі – объектінің функционалдық пайдалылығы оның пайдалы қызмет ету ұзақтығына байланысты емес, пайдалану уақытына байланысты болады және ол пайдалы қызмет ету ұзақтығында өзгеріссіз қалады. Амортизация объектінің қызмет ету ұзақтығында оның амортизациялатын құнын тең бөлу арқылы жүргізіледі. Мұндай әдіс бойынша амортизацияның жылдық нормасы және жылдық сомасы пайдалы қызмет ету ұзақтығында тұрақты болып қалады да, жинақталған амортизация көбейіп, объектінің баланстық құны тең үлеспен азайып отырады.

1 мысалы: Ұйым бастапқы құны 50 000 теңге болатын құрылғы сатып алды, он екі жыл пайдаланудан кейін оның болжамды жойылу құны - 5000 теңге. Осы мәліметтердің нәтижесінде жыл сайынғы амортизация сомасы былай анықталады:

50 000 теңге – 5000 теңге

---

 = 3 750 теңге.

12 жыл

Негізгі құралдардың қызмет ету ұзақтығы, жойылу құны сияқты қажет болған жағдайда негізгі құралдардың жағдайын жоғарылату үшін жұмсалған шығындарды, сонымен қатар технологиялық өзгерістер мен тұтыну нарығындағы өзгерістерді, қызмет ету ұзақтығын қысқартуға әкелетін шаруашылық қызметінің өзгеріс нәтижесін есепке ала отырып, қайтадан қаралуы мүмкін.

## 2- мысал

- 2 мысал: Сатып алынған ғимараттың бастапқы құны 98 000 теңге,
- жойылу құны – 8000 теңге, қызмет ету ұзақтығы – 30 жыл. Құнды
- бір қалыпты әдіс арқылы есептен шығару кезінде амортизациялық
- аударымның сомасы мынаған тең болады:
- $$\frac{98\ 000\ \text{теңге} - 8000\ \text{теңге}}{30\ \text{жыл}} = 3\ 000\ \text{теңге.}$$
- Қызмет ету ұзақтығы 12 жыл болған кезде жинақталған
- амортизация 36000 теңгені құрайды. 12 жылдан кейін шаруашылық
- қызмет түрінің өзгеруіне байланысты қызмет ету ұзақтығы және
- жойылу құны қайтадан қаралды: қалған қызмет ету ұзақтығы 8
- жыл (яғни барлығы 20 жыл), жойылу құны - 10 000 теңге.
- Нақтыланған мәліметтердің негізінде қалған 10 жылға жыл
- сайынғы амортизациялық аударым мынаны құрайды:
- $$\frac{98\ 000\ \text{теңге} - 36\ 000\ \text{теңге} - 10\ 000\ \text{теңге}}{10} = 6\ 500\ \text{теңге.}$$

## Дайындалған өнімнің (орындалған жұмыстың) көлеміне пропорционалды шығару әдісі:

- Дайындалған өнімнің (орындалған жұмыстың) көлеміне пропорционалды шығару әдісі объектінің функционалды пайдалылығы уақытқа байланысты емес, оны пайдаланудың нәтижесіне негізделеді.
- Осыған байланысты қызмет ету ұзақтығы ұйымның осы объектіні пайдаланудың нәтижесінде өндіретін өнімнің саны немесе орындайтын қызметтің көлемімен анықталады. Бұл әдісті пайдалану кезінде амортизация объектінің амортизацияланатын сомасын қызмет ету ұзақтығы кезінде өндірген өнімнің көлеміне пропорционалды бөлу арқылы есептеледі. Жылдық амортизация сомасы жылдын жылға өзгеше болуы мүкін. Өндірілген өнімнің санына байланысты жинақталған амортизация көбейеді де, баланстық құн төмендейді.
- **3 мысал:** Техникалық төлқұжатқа сәйкес көшірме құрылғысы 500 000 көшірме басып шығаруы немесе 10 000 сағат жұмыс істеуі керек.
- Құрылғының бастапқы құны – 12 000 теңге, жойылу құны – 1000 теңге. Осы мәліметтердің нәтижесінде амортизациялық норма былай анықталады:
- а) 12 000 теңге - 1 000 теңге  
\_\_\_\_\_ = 0,022 теңге/көшірме;
- 500 000 көшірме
- б) 12 000 теңге - 1 000 теңге  
\_\_\_\_\_ = 1,10 теңге/сағат;

# Кумулятивтік әдіс

- Бөліміндегі сома бойынша құнды есептен шығару әдісі (кумулятивтік әдіс) – есептелу коэффициентін анықтауды білдіреді. Коэффициенттің алымы қызмет ету мерзімінің жылдар сомасына тең болса, ал бөлімі кері тәртіп бойынша қызмет ету мерзімінің соңына дейінге қалған жылдар санын білдіреді. Бұл коэффициент пайдаланудың әрбір кезеңінде әртүрлі болады, бірақ амортизацияланатын құнның тұрақты деңгейіне қолданылады.
- Бұл әдісті кезінде алғашқы жылдары амортизация сомасы кейінгі жылдарға қарағанда анғұрлым жоғары болады.

Негізгі құралдардың түсуі мынадай құжаттармен рәсімделеді.

**Негізгі құралдарды қабылдау-тапсыру (орнын ауыстыру) актісі** негізгі

құралдар құрамына жекелеген объектілерді еңгізу үшін; қолданылып жүрген заңға сәйкес олардың енгізілуі ерекше тәртіпшен рәсімделуге тиіс жағдайларда басқасы, оларды пайдалануға берілуін рәсімдеу үшін; негізгі құрал-жабдықтардың бір цехтан (бөлімнен, учаскеден) екіншісіне орын ауыстыруын рәсімдеу үшін қолданылады.

Негізгі құралдарды қабылдауды рәсімдеу кезінде кәсіпорын жетекшісінің өкімімен тағайындалған қабылдау комиссиясы әрбір жекелеген объектіге бір данадан акт жасайды.

**Алыс-беріс (орын ауыстыру) актісінде** міндетті реквизиттермен қоса, комиссия қызмет ету мерзімін және болжамдық жою құнын көрсетеді. Қызмет ету мерзімін шаруашылық жүргізуші субъекті дербес анықтай алады, яғни ол негізгі құралдың техникалық жағдайынан, нормасынан және басқа да көрсеткіштерінен шығады.

Негізгі құралдардың кәсіпорын ішіндегі орын ауыстыруын рәсімдеу үшін актіні екі дана етіп тапсырушы цех (бөлім) қызметкері толтырады.

Бухгалтерия келіп түскен объектіні материалдық жауапты адамға бекітіп, **мүліктік карточка** ашады, объектіге мүліктік тізімдеу нөмірін беріп, мүлікті Мүліктік тізімге алынады, негізгі құралдарды алу туралы жазбасы жасалады.

Бұл карточка бухгалтерияға келіп түскен негізгі құралдың актілері, техникалық төлқұжаттары және басқа құжаттар негізінде толтырылады.

## Негізгі құралдарды жөндеудің күрделілігіне қарай жөндеу: ағымдағы және күрделі жөндеу болып бөлінеді.

**Күрделі жөндеу** - деп негізгі құралдардың жеке бөлшектерін қалпына келтіруді айтады. Олардың тұтас объектімен салыстырғанда тозу мерзімі аз болады. Бұл жөндеу кезінде агрегат толық ажыратылады, барлық тозған бөлшектер және тораптар ауыстырылады немесе қалпына келтіріледі, базалық және басқа да бөлшектер мен тораптар жөнделіп жиналады және агрегат сынақтан өткізіледі.

**Ағымдағы жөндеу** - негізгі құралдардың тозған жеке бөлшектерін жұмыс істейтін жағдайда ұстау үшін оларды ауыстырудан немесе жөндеуден тұрады. Оны негізгі құралдарды пайдалану процесінде жүргізеді.



## Жалға берілген және жалға алынған негізгі құралдарды құжаттық рәсімдеу

Кәсіпорындар өздеріне керекті, яғни уақытша қажет болған негізгі құралдарды басқа ұйымдардан жалға алуына болады. Сондай ақ кәсіпорындар өзінің балансында тұрған бірақ уақытша пайдаланбай немесе уақытша тоқтатылып тұрған қажет болмай негізгі құралдардың басқа ұйымдарға уақытша жалға беругелерге болады. Жалға беруші және жалға алушының арасында келісім шарт жасалуы тиіс. Бұл келісім шартта жалға алынатын немесе жалға берілетін негізгі құралдардың аталуы, техникалық жағдайы, бастапқы құны, тозу құны, жалға берілетін немесе жалға алынатын мерзім.

Жалгерлік есеп №17 «Жалгерлік есеп» деп аталатын бухгалтерлік есептің стандарттарымен ұйымдастырылып реттеледі және сонымен сәйкес жал мерзіміне байланысты қаржылық және ағымдағы болып бөлінеді.

Ағымдағы жалгерлік. Ағымдағы деп қаржыландырылатын жалгерліктен басқа, кез-келген жалгерліктің түрін айтады.

Қаржыландырылатын жалгерлік. Қаржыландырылатын жал өз мәні бойынша жалға алушының есебінен ұзақ мерзімге алынатын несиелеудің нысаны болып табылады.

## Жалдау төлемақысы

- Мемлекеттік заңды тұлғалардың балансында тұрған мемлекеттік тұрғын емес қордың объектілерін мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жылдық жалдау ақысын есептеу осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес тұрғын емес үй-жайдың салыну үлгісі, түрі, жайлылық дәрежесі, аумақтық орналасуы, жалдаушы қызметінің түрі, жалдаушының ұйымдық-құқықтық нысаны ескерілетін, қолданылатын коэффициенттердің базалық мөлшерлемесі мен мөлшерлері негізінде анықталып, мына формула бойынша жүзеге асырылады:
  - $A_p = P_{bc} \times S \times K_t \times K_k \times K_{sk} \times K_r \times K_{vd} \times K_{opf}$ ,
  - мұнда:
  - $A_p$  – жылына мемлекеттік заңды тұлғалардың балансында тұрған мемлекеттік тұрғын емес қордың объектілерін жалдау ақысының мөлшерлемесі;
  - $P_{bc}$  – 1 шаршы метрге жылына теңге жалдау ақысының базалық мөлшерлемесі;
  - $S$  – жалға алынатын алаң, шаршы метр;
  - $K_t$  – құрылыс үлгісі ескерілетін коэффициент;
  - $K_k$  – тұрғын емес үй-жайдың түрі ескерілетін коэффициент;
  - $K_{sk}$  – қолайлылық дәрежесін ескерілетін коэффициент;
  - $K_r$  – аумақтық орналасуын ескерілетін коэффициент;
  - $K_{vd}$  – жалдаушының қызмет түрі ескерілетін коэффициент;
  - $K_{opf}$  – жалдаушының ұйымдастыру-құқықтық нысаны ескерілетін коэффициент;
- Жабдықтарды, автокөлік құралдары мен басқа да тұтынылмайтын заттарды мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысын есептеу айырысуы мына формула бойынша жүзеге асырылады:
  - $A_p = C \times N_{am}/100 \times K_p$
  - мұнда:
  - $A_p$  – жылына жабдықтар, көлік құралдары мен басқа да тұтынылмайтын заттар үшін жалдау ақысының мөлшерлемесі;
  - $C$  – бухгалтерлік есеп деректері бойынша жабдықтардың қалдық құны;
  - 100 пайыз тозуы есептелген жабдықтарды, көлік құралдары мен басқа да тұтынылмайтын заттарды мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде қалдық құны бастапқы (қалпына келтіру) құнынан 10 пайыз мөлшерінде қабылданады;
  - $N_{am}$  – Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің (Салық кодексі) [120-бабына](#) сәйкес амортизацияның шекті нормалары;
  - $K_p$  – төмендету коэффициенті (жабдықтар мен көлік құралдары алпыс пайыздан аса тозу кезінде қолданылады – 0,8 мөлшерінде, сауда-сатып алу (делдалдық) қызметті қоспағанда, өндірістік қызметті ұйымдастыру және халыққа қызмет көрсету саласын дамыту үшін шағын кәсіпкерлік субъектілеріне беру кезінде – 0,5 мөлшерінде).
- Мемлекеттік заңды тұлғалардың балансындағы мемлекеттік тұрғын емес қор объектілерін, сондай-ақ жабдықтарды, көлік құралдарын және басқа да тұтынылмайтын заттарды сағат бойынша мүліктік жалдауға (жалға алу) ұсыну кезінде жалдау ақысын есептеу мына формула бойынша жүзеге асырылады:
  - $A_ч = A_p/12/D/24$ ,
  - мұнда:
  - $A_ч$  – сағатына мемлекеттік заңды тұлғалардың балансындағы мемлекеттік тұрғын емес қордың объектілері, жабдық, көлік құралдары және басқа да тұтынылмайтын заттар үшін жалдау ақысының мөлшерлемесі;
  - $A_p$  – жылына мемлекеттік заңды тұлғалардың балансындағы мемлекеттік тұрғын емес қордың объектілері, жабдық, көлік құралдары және басқа да тұтынылмайтын заттар үшін жалдау ақысының мөлшерлемесі;
  - $D$  – объектілерді мүліктік жалдауға беру жүзеге асырылатын айдағы күндер саны.
- Ғимараттағы үй-жайлардың бір бөлігін жалдағаны үшін төленетін ақыны есептеу кезінде мүліктік жалдауға (жалға алу) берілген ауданның 25 % мөлшерінде осы аудандарды жалға алушының жалпы пайдаланымдағы орындарға қолжетімділігі ескерілуге қажет

## Негізгі құралдарды түгендеу

- Бухгалтерлік есеп пен есеп беру тәртібі (ережесі) бойынша барлық кәсіпорындар бухгалтерлік есеп мәліметтерінің дұрыстығын қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ ұйымдағы негізгі құралдардың нақтылы бар-жоқтығын анықтап және де олардың іске жарамдылығын бақылау мақсатында жылына бір рет өзінің мүліктеріне түгендеу жұмысын жүргізіп тұрулары қажет. Ұйымдарда негізгі құралдарды түгендеу жылдық қорытынды есеп беретін уақыт алдында қараша айының бірінен кейін жүргізілуі керек. Үйлерді, ғимараттарды тағы да басқа жылжымайтын мүліктерді екі жылда бір рет, ал кітапхана қорларын бес жылда бір рет түгендеуге болады.
- **Негізгі құралдарды жоғарыда көрсетіліп жазылған мерзімдерден бұрын, яғни жиі түгендеу мынадай жағдайларда жүргізіледі:**
  - - негізгі құралдарға жауапты адам қызметінен ауысқанда;
  - - негізгі құралдар ұрланған, жоғалған жағдайда;
  - - өрт немесе басқа да кенеттен болған табиғи апат жағдайларына байланысты;
  - - ұйым бір бағынышты органнан екінші орган қарамағына ауыстырылғанда және тағы да басқа жағдайларда.

- Түгендеу нәтижесі бухгалтерлік есепте былайша жазылады:
- Артық шыққан, яғни бұрын есепке алынбаған негізгі құралдардың кіріске алынуына:
  - Д-т: "Негізгі құралдар" шоттың тиістісі,
  - К-т: "Негізгі емес қызметтен алынған басқадай кірістер" шоты түріндегі бухгалтерлік жазуы жазылса,
  - Оларға анықталған тозу құнының сомасына:
    - Д-т: "Негізгі құралдар" - шоттың тиістісі,
    - К-т: "Негізгі құралдардың тозуы" - шоттың тиістілері түріндегі бухгалтерлік жазуы жазылады.
- Түгендеу барысында жоғалған, бүлінген негізгі құралдарға жауапты (кінәлі) адам табылып және ол адам төлейтін болған жағдайда төленетін сома:
  - Д-т: "Жұмыскерлер мен басқа да тұлғалардың борышы" шоты,
  - К-т: "Негізгі құралдар" - деп аталатын шоттың тиістісі түріндегі бухгалтерлік жазуда көрсетіледі.

## Негізгі құралдарды түгендеу барысында бухгалтерлік есепшоттары бойынша жүргізілетін операциялар

№	Операциялар мазмұны	Дебитте-летіні шот	Кредитте-летіні шот
1	Түгендеу барысында жоқ болған негізгі құралдарды есептен шығару: - қалдық құнына; - есептелінген тозу сомасына.	821 131-134	122-125 122-125
2	Түгендеу барысында жоқ болған негізгі құралдарға кінәлі адам табылғанда	333	727
3	Түгендеу барысында бұрын есепке алынбаған негізгі құралдар табылып және олар кіріске алынғанда: - қалдық құны бойынша; - тозу сомасына.	121-126 122-125	727 131-134
4	Құрылыс салушының құрылысқа шығарылған нақтылы шығыны, жабдықтарды сатып алуға шығарған шығыны	126	441, 451, 452, 681, 631-639, 202, 203, 205, 208, 131-134
5	Негізгі табынды толтыру үшін жас малдарды, төлдерді бағу және өсіру шығындары	126	421-424, 431, 441, 451, 201, 203, 206, 681, 641-643, 671, 631-639, 900, 920 т.б
6	Салынған объектінің бастапқы құнына кіргізілмейтін шығындарды есептен шығару	821	126
7	Қайта бағалау нәтижесінде негізгі құралдар бағасының өсуі	121-125	541
8	Қайта бағалау нәтижесінде негізгі құралдар бағасының кемуі	541	121-125
9	Аяқталмаған құрылыстың істен шыққан негізгі құралдарын есептен шығару	842	126
10	Қайта бағалау негізінде негізгі құралдардың тозу сомасына енгізілетін түзетулер	541	131-134
11	Негізгі құралдарға (пайдаланатын жерлеріне қарай) есептелген амортизациялық аударым сомасы: - негізгі өндірісте; - қосымша өндірісте.	935 935	131-134 131-134

















